

аспирантуру Казахского горно-металлургического института. В 1968 г. стал доктором геолого-минералогических наук, в 1970 г. – профессором, а в 1983 г. – членом-корреспондентом АН КазССР, а затем академиком НАН РК. Племянник Алимхана Ермекова – Мухсин Амирханович, 1914 года рождения – дипломированный металлург, кандидат технических наук, был первым директором Института металлургии и обогащения. Другой племянник – Муслим Амирханович – закончил в 1930 году Тимирязевскую сельскохозяйственную академию в Москве. Работал в Институте животноводства Казфилиала ВАСХНИЛ, в 1961-1963 гг. был первым заместителем министра сельского хозяйства Казахской ССР, с 1963 по 1972 гг. – ректором Алма-Атинского зооветеринарного института. Он являлся членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР. Сын Муслима Амирхановича – Толеген Муслимович – посвятил себя горному делу, стал доктором технических наук, профессором, членом-корреспондентом НАН РК [6]. Внук Алимхана Ермекова – Олег Магавьянович, кандидат технических наук – успешно начав работать в области геофизики, преподавал в Карагандинском политехническом, был начальником областного управления экономики, перешел в сферу образовательного бизнеса. Он вместе со своим сыном Адилем руководит образовательной компанией «MaryAdieducation» в Великобритании, организующей по всему миру сеть языковых курсов. В Лондоне растёт трехлетний праправнук Алимхана Ермекова – Даниал.

Вся жизнь и деятельность Алимхана Ермекова – наглядный и достойный пример для определения личной позиции в наше непростое время.

В Стратегии «Казахстан-2050» в числе других стоит задача по формированию исторического сознания и патриотизма. Воспитанию гражданско-патриотических чувств и истинных нравственных ориентиров в полной мере служило бы присвоение имени выдающегося государственного деятеля, педагога Алимхана Абеуовича Ермекова, учреждениям образования республики.

Великие личности поколения Алаш были светочами для своей нации, и они навсегда останутся немеркнущими символами высокого человеческого духа и служения Отечеству.

Список литературы

1. Кыдыралина, Ж.У. Алимхан Ермеков. – Алматы: Литер М, 2012. – С. 51.
2. Государственный архив Карагандинской области (далее – ГА КО) Ф. 1487. Оп.1. Д.222. Л. 40.
3. Движение Алаш // Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В трех томах. – Алматы: ФФЕл шежіресі, 2011. – Т. 2. – С. 157.
4. ГА КО. Ф. 1558. Оп. 1. Д. 72. Л.10, 23.
5. ГА КО. Ф. 1558. Оп. 1. Д. 72. Л. 76.
6. Грибанова, Е.М. Семья Ермековых // Мир закона. – 2001. – № 4. – С. 32-36.

*Мырзагалиева, К.,
доценті, филология ғылымдарының кандидаты,
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

АЛАШОРДАШЫЛАР ДОСТЫҒЫ (ШӘКӘРІМ, ӘЛИХАН, СҰЛТАНМАХМҰТ)

Шәкәрім Құдайбердіұлы Алаш арыстарын қолдап, оларға ақыл-кеңес беріп тұрған. Мұны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасындағы мына шумақтардан да байқауға болады:

Құдайберді баласы Шәкәрім,
Көп оқуы болмаса да туысы кәміл.
Жазған шежіре, жайған үлгі арқасында
Ертеден бұл алашқа аты мәлім.
Ерте оянған кісінің біреуі осы,

Бұл жұрттың түзеймін деп антұрғанын,
Бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға,
Ақсақал бола алғандай осы кәрің [1].

Ақын одан әрі Шәкәрімнің байыптылығын, философиясын, мақсат-мүдесі биік жан екенін айтып, әлі де қартайып тұрған жоқ, «Тымақ киген жай бір қазақ» деп ойламаңыздар, айтары көп, жастарға үлгі-өнегесі мол азамат деп сипаттама береді.

1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында бірінші бүкіл қазақтық съез өткені тарихтан белгілі. Академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм алашорда» деп аталатын кітабында осы басқосу жайында айта келіп: «Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты қазақтың либералды-демократиялық интеллигенциясының көсемдері басқарған Алаш партиясының құрамына әуел бастан-ақ қазақтың ғылыми және шығармашылық зиялыларының белгілі өкілдері – М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, Ғ. Қарашов, С. Торайғыров, Х. Ғаббасов, Ә. Ермаков, Ж. Досмұхамедов, М. Дулатов, т.б. кірді» деп жазады [2].

Әлихан Бөкейханов «Кәкітай» деп аталатын мақаласында Шәкәрім атын бірнеше рет қайталап, бірде: «Мен Семейде абақты борышымды күтіп жүргенде Шәкәрім, Кәкітай, Тұрлығұл әдейі қалаға келіп, тағы да біраз күн көңіл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда осылар тағы келіп амандасқан. «Бұған өзге қазақ жарамды-ау» деймін» – деп, басқалар теріс бұрылғанда, Шәкәрім ақсақалдың хал-жағдайын біліп, қиналған тұста қасынан табылғанына ризашылық білдіреді [3].

Ә. Бөкейхановтың бұл айтқандарынан Шәкәрім екеуінің аға-дос болып, бір-бірімен араласып тұрғанына қаныға түсеміз.

Екеуінің достығына тағы бір айғақ – Әлихан Бөкейхановтың 1907 жылы II Мемлекеттік Думаға депутат етіп сайлауға Семей облысы қазақтары атынан бес адамның бірі етіп Шәкәрімнің кандидатурасын ұсынуы. Бірақ Құдайбергенұлы өз орнына Семей облысы Сейтен болыстығының болысы, бастауыш білімі бар, діни сауатты Темірғали Нұрекеновтің барғанын дұрыс көреді. Сөйтіп II Думаға Т. Нұрекенов депутат болып сайланады.

Алаш көсемі Ә. Бөкейханов «Мұсылман съезі» мақаласында Ахметтің:

Мен бұқтым, жаттым,
Сен бұқтың, жаттың,
Кім істемек қызмет
Ауызбен айтып,
Істерде қайтып,
Жоламасақ не міндет?

деген өлең жолдарын мысалға келтіреді.

Сондай-ақ «Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мир Якуп, Шаһкәрім, Тарғыннан һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой», – деп, Шәкәрім шығармаларын жоғары бағалайды [3, 191 б.].

Әлихан 1913 жылы «Қазақ» газетіне Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ, һәм хандар шежіресі» кітабына, 1915 жылы «Қалқаман- Мамыр» кітабына сын-пікір жазды.

«Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресіне» жазған рецензиясында бұрын қазақ шежіресі ана тілімізде кітап болып басылып шықпағанын, Шәкәрім шежіресі қазақ шежіресінің тұңғышы екенін айтып, қазақ шежіресін білгісі келген ағайын енді іздегенін осы кітаптан табатынын, шежіре жазбақ болған кісі Шәкәрім кітабына жүгінулері керектігін ескертеді. Кітаптан үзінділер келтіріп, олардың мән-мазмұнын, неліктен айтып отырғанын түсіндіреді. Түрік-қазақ руларының шежіресін Аристов жазғанын, Шәкәрім сол Аристов жазбаларына сүйенгенін көрсетіп: «Аристов қос көлдің күнбатысында қырғыз бар еді деп жазғанда, кітабын оқитын кісілер бұл аталған жерді біледі деп жазған. Біздің қазақ бұл жерді білмейді ғой. Шаһкәрім де Аристовша жазып өткен, – деп, қазір бұл шежіреде аталған жерлер қай патша қол астында, қай губернияда, соны Шәкәрім анықтап жазып кетуі керек

еді деген сын-пікір білдіреді. «Шежіресін қайта басқанда Шаһкәрім бұл кемшілікті толтырар» деп игі тілек айтады [3,292 б.].

«Қалқаман-Мамыр» кітабына айтқан сын-пікірін автор Шәкәрімді оқушылармен таныстырып, 1900 жылы Шығыс елі туралы еңбек жазған Иван Филипович Гусевтің Шәкәрім шығармашылығы туралы жылы лебіз білдіргенін айтудан бастайды. Шәкәрімнің соңғы екі-үш жыл ішінде «Мұсылманшылық», «Қазақ айнасы», «Қазақ һәм хандар шежіресі», «Жолсыз жаза», «Қалқаман-Мамыр» кітаптарын жарыққа шығарғанын тілге тиек етіп, «Қалқаман- Мамыр» кітабын талдап, таразылап, жетістіктері мен кемшіліктерін поэмадан мысалдар келтіре отырып көрсетеді.

Кемшілігі-жырдың көркемдік кестелерінде емес, Қалқаман- Мамыр сөздері олар өмір сүрген замандағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрге келе бермейтіні екендігін дәлелді жеткізеді.Қазақтың дәстүр-салтына орай лайық айтылған жолдарына риза болып: «Міне, заманына үйлесімді жақсы жазылған қыздың мінезі», - деп оны қуана жеткізеді.[3, 293 б.]

Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт арасындағы достық қарым-қатынас та кейінгіге үлгі-өнеге боларлық. Мақаламыздың басында Сұлтанмахмұттың «Таныстыру» поэмасынан үзіндідегі Шәкәрім туралы айтқан ой-пікірі де соның бір айғағы іспетті.

Сұлтанмахмұт Шәкәрімнен отыз бес жас кіші. Жас айырмашылықтары едәуір болса да мақсат- мүделері ортақ, рухтас екі ақын шығармаларында үндестік бар.

1918 жылы Сұлтанмахмұт «...ар азығы дегеніміз- әділдік. Осы соңғы ар азығы-әділдік табылмай басқа дене азығы өнерлердің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауырламаса, жеңілдемейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды» [4], – деп жазса, Шәкәрім 1925 жылы жазған «Адам немене?» өлеңінде:

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес.
Құр айтқанмен қолыңнан түк келмейді,
Ақ жүректі таза адам болса кем-кес[5], –
дейді.

Сондай-ақ «Адамдық борышың» деп аталатын өлеңінде Шәкәрім: «Ақ жолдан айнымай ар сақта, оны біл» [6], тағы бір өлеңінде:

Еңбекпенен, өрнекпенен
Өнер ойға тоқылса,
Жайнар көңіл, қайнар өмір
Ар ілімі оқылса, –

деп Сұлтанмахмұт ойын әрі қарай жалғап, дамыта түскендей болады. Бұл көзқарас бірлігінен туған ұқсастық.

Шәкәрім де Сұлтанмахмұтты қадір тұтып өлеңіне қосып:

Қой, жүрегім, қайғырма,
Қайғыны мүлде жай қылма.
Айрылғандар қосылар,
Бұл мінезден шошынар.
Тағдырдың құлы осылар,
Сен таппайсың шарасын.
Торайғыров естісе,
Мұны «Қатын ойбай» дер, –
дейді.

Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт бір-бірімен кездескен бе?

Кеңес үкіметі ірге көтерісімен заңсыздық заңы орнап, жазықсыз жандар оққа ұшты. Сондай бір оқиға жайында Б. Майлиннің 1918 жылдың 18 наурызында «Сарыарқа» газетінде «Жазықсыз құрбан» атты мақаласы басылды.

Қазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша Семейде ұлттық атты жаяу милиция құрылып, жаттығулар жасап жатқан кезі. Большевиктер оны ұнатпай, жаттығуды қойып, қаруларын тапсыруды ескертіп жүреді.

«Оған милиция қорғаушылар өз жүректерінде ұлт сақтаудан басқа ешкімге қастық қылатын ниеттері болмаған соң» онша құлақ аса қоймайды. Бірде ойда жоқта Алаш қаласында милиционер-қорғаушылар жаттығу ойындарын жасап жатқан кезде 10-15 солдат келіп себепсіз бір-екі рет мылтық атады. Бірақ ешкімге оқ тие қоймайды. Кейбір жігіттер қашуға ыңғайланып, бәрі дүрлігісіп қалады. Милиция бастығы, оқушылар семинариясының шәкірті Қазы Нұрмұқанбетұлы «Қашпандар, бәрімізді қырма» деп тоқтау айтып, орнынан қозғалмайды. Сол сәтте мылтық үсті-үстіне атылады да, Қазы да, Қазының астындағы аты да оққа ұшады. «Марқұмның жолдастары ботадай боздап, басын құшақтап, шуылдасып қалады. Жазықсыз құрбан болған жас боздақты жерлеу рәсіміне Шәкәрім қатысып, басында сөз сөйлейді:

«Әлеумет! Мына жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл – ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демендер, бұл өлген жоқ. Бұл – бүгінгі және мұнан соңғы «Ұлтым» деген азаматтар, мына мен сияқты болып, «ұлтым» деңдер деп, өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұмның аты да Қазы еді. Қазы-би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті», – деп, жолдастарынан соңында Қазының бір жасар ұлы мен жарына көмектесіп тұруларын сұрайды. Соңында жылап тұрып қош айтысады. Міржақып Дулатұлы арнау өлең оқиды. Өлеңде Қазының кім екендігі әсерлі айтылып, соңы:

«Алаштың бұл құрбаны,
Аяулы жолдас, Қазы жас,
Қош, бауырым, жолдасым!
Армансыз сенің өз басың,
Қабыл болып құрбаны,
Алашты құдай оңдасын!..» –
деп түйінделеді.

Халық күңіреніп кетеді. Бұдан кейін Райымжан Мәрсекұлы, Жанғали қажы, Мұстақым Мадыбайұлы сөз сөйлейді. Қазының бірге оқып жүрген жолдасы Жүсіпбек Аймауытұлы еңіреп тұрып қоштасып, оқығанын, ұлт үшін құрбан болғанын, арманда кеткенін айтып: «Ешкімге оқ атып, қылыш сура алмай, жазықсыз оққа ұштың. Тым болмаса ұлтыңның бақытының шетін көре алмай кеттің», – дейді.

Осы жиында Сұлтанмахмұт та болған.

Мақаламыздың басындағы К. Нұрпейістің 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынбор қаласында өткен бүкілқазақтық съезге Шәкәрімнің де, Сұлтанмахмұттың да Алаш партиясы құрамына кіргендігі сөз етіледі. Яғни, бұл айтылғандардан Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт бір-бірімен кездескен деген қорытынды шығаруға болады.

Әдебиет тізімі

1. Торайғыров, С. Таныстыру. Екі томдық шығармалар жинағы. I –т. Алматы: Ғылым, 1993 – 160 б.
2. Нұрпейісов, К. Алаш һәм алашорда. - Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1993. – 273 б.
3. Бөкейханов, Ә. Шығармалар. - Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1993. – 273 б.
4. Торайғыров, С. Социализм. Екі томдық шығармалар жинағы. II- т. – Алматы: Ғылым, 1993. – 159 б.
5. Құдайбердиев, Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 181 б.
6. Шәкәрім. Иманым 2-басылымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 322 б.